

**Бесқарағай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 48/3-VI "2020-2022 жылдарға арналған Бесқарағай ауданының бюджеті туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 16 сәуірдегі № 51/4-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 20 сәуірде № 6958 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 61/2-VI шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 22.12.2020 № 61/2-VI шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) .**

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 139-бабының 9-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Бесқарағай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бесқарағай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 48/3-VI "2020-2022 жылдарға арналған Бесқарағай ауданының бюджеті туралы" ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6502 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2020 жылғы 21 қаңтарда жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

5-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"5. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 139-бабының 9-тармағына сәйкес азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет , спорт саласындағы мамандарға, бюджет қаражаты есебінен қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін.

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін жергілікті өкілді органмен келісу бойынша жергілікті атқарушы орган айқындайды."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2020 жылғы 1 сәуірден бастап туындаған қатынастарға тарайды.

*Сессия төрағасы*  
*Бесқарағай аудандық мәслихатының хатшысы*

*К. Садықов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК